

Астық сатып алу шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі кейбір шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 998 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.04. N 297 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауынан туындаитын тапсырмаларды іске асыру, сондай-ақ ішкі астықрыногын қорғау және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін 1999 жылдың астығына дәнді дақылдардың тұқымымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамына ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен (оның ішінде жеке тұлғалардан да) 1 (бір) миллион тонна азық-тұліктік астық және дәнді дақылдардың тұқымын ішкі рынокта сатып алу үшін "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына сыйакының (мұдденің) нөлдік ставкасы бойынша тоғыз ай мерзімге 98 248 000 (тоқсан сегіз миллион екі жүз қызық сегіз мың) АҚШ доллары көлемінде несие қаражатын бөлу және осы жұмысты 1999 жылдың 28 ақпанына дейін аяқтау ұсынылсын.<*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен , 1998.12.25. N 1337 қаулысымен , 1999.02.10. N 106 қаулысымен .

2. Мыналар бекітілсін:

1997/98 жылдың астығын "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамының несиелік қаражатының есебінен сатып алуды үйымдастыру тәртібі (1-қосымша);<*>

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамының несиелік қаражатының есебінен Астық сатып алуды үйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы (2-қосымша).<*>

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы несиелерінің есебінен 1997/98 жылдың егінінен астық сатып алуды үйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже" (3-қосымша); <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен , 1998.12.25. N 1337 қаулысымен .

3. "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына:

1) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің республикалық және жергілікті

бюджеттердің, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың алдындағы берешектерін өтеуді қамтамасыз ету мақсатында олардың салық органдары тізімдеген астығын

с а т ы п а л у ;

2) тұқым өсіру шаруашылықтарынан Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен Тізбеке сәйкес, 1 тоннасы үшін 136 АҚШ долларына баламды бағамен 73 000 (жетпіс үш мың) тонна сорттық тұқымды және 1 тоннасы үшін 104 АҚШ долларына баламды бағамен 80 000 (сексен мың тонна) тұқымға жарамды тауарлық бидайды сатып алу;

3) 1999 жылдың көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін 120 000 (жуз жиырма мың) тонна тұқымға жарамды бидайды резервке алу ұсынылсын.

4. Қор Ведомствоаралық комиссиясының ұсынымы бойынша "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамымен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған, Ведомствоаралық комиссия рұқсат еткен екінші деңгейдегі банктермен астық сатып алу үшін өзі берген несиelerдің қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін несиелік және өзге де келісімдер жа са сады . < * >

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен , 4 тармақ жаңа редакцияда - 1998.12.25. N 1337 қаулысымен .

5. "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына және астық компанияларына сатып алынған астықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Республикалық астық инспекциясы белгілеген элеваторларда сақтау ұсынылсын.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының қатысуымен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін 1999 жылғы егіс жұмыстарын жүргізу үшін тұқыммен қамтамасыз етудің тетігін әзірлесін;

2) облыс әкімдері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің арасында Қазақстан Республикасы Президентінің 1 (бір) миллион тонна астық сатып алу туралы тапсырмасын іске асыру жөнінде қажетті түсіндіру жұмысын жүргізсін .

7. Екінші деңгейдегі банктер берілген несиelerді өтеу үшін тұпкілікті заемшылардан түсетін қаражаттың бір апта мерзім ішінде "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамының аударылуын қамтамасыз етеді деп белгіленсін . < * >

Ескерту. 7-тармақпен толықтырылды, 7-8-тармақтар тиісінше 8-9-тармақтар болып саналды - ҚР Үкіметінің 1998.11.20. N 1184 қаулысымен .

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 5 қазандары

N 998 қаулысына

1-қосымша

**1997/1998 жылдың егінің астығын сатып алуды
ұйымдастырудың
ТӘРТІБІ <*>**

Ескерту. Қосымшаның атауынан сөздер алғып тасталды - ҚР Үкіметінің
1998.10.23. N 1077 қаулысымен .

I. Жалпы шарттары

1. "Астықты сатып алуды қаржыландырудың көзі "Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры (бұдан әрі - Қор)" Қазақстан Республикасының Үкіметі беретін 98 248 000 (тоқсан сегіз миллион екі жүз қырық сегіз мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі қаражат болады деп белгіленесін.<*>

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ведомствоаралық комиссияның шешімі бойынша ақша орналастыру үшін Қормен агенттік және өзге де келісімдерді жасасады.<*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚРУ-нің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен .

2. "Қордың" қаражаты мынадай тәртіpte сыйақының (мұдденің) нөлдік ставкасы бойынша тоғыз ай мерзімге бөлінеді:<*>

"Азық-түлік корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына салық органдары тізімдеген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің астығын сатып алу үшін, олардың респубикалық және жергілікті бюджеттерге, бюджеттен тыс қорларға берешектерін өтеу есебіне, сондай-ақ тұқым және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің астығын сатып алу үшін;<*>

астық компанияларына екінші деңгейдегі банктердің кепілдігімен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен (оның ішінде жеке тұлғалардан да) астық сатып алу үшін . <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен, 1998.11.04. N 1127 қаулысымен .

3. Сатып алу бағдарламасына қатысу үшін фирмаларды таңдауды Қордың несиелік қаражатының есебінен Астық сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі

ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) айқындауды

< * >

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077
қаулысымен.**

4. Қор Ведомствоаралық комиссияның ұсынымы бойынша "Азық-тұлік" келісім шарт-корпорациясы" жабық акционерлік қоғамымен несие келісімін жасасады, ал астық компанияларына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған екінші деңгейдегі банктердің кепілдігіне немесе несие қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз етудің өзге де қолайлы шарттарымен астық сатып алуға несие қаражатын береді.<*>

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРУ-нің 1998.10.23. N 1077
қаулысымен.**

II. Астықты сатып алу бағдарламасына қатысушыларға қойылатын талаптар

5. Сатып алу бағдарламасына қатысуға Ведомствоаралық комиссияға өтінім (қажетті құжаттарды) берген және мынадай негізгі шарттарға жауап беретін астық
компаниялары жіберіледі:

несиелік қаражаттың қайтарымдылығын қамтамасыз ететін қабылданымды
ке^пілдіктерінің болуы;

өзінің ауыл шаруашылығы өндірісінің, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Республикалық астық инспекциясы ұсынған меншікті (немесе басқа зандық негіздер бойынша пайдаланатын) желілік элеваторлық
сыйымдылықтарының болуы;<*>

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен (оның ішінде жеке тұлғалардан да
а) астықты сатып алу жөніндегі міндеттемелерді қабылдау;

өзіне 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін астықты өтеу және оның сақталуын қамтамасыз етуге шоттар ұсынусыз несиелік қаражаттың есебінен сатып алынған астықты сақтау бойынша шығындарға ақы төлеу жөнінде міндеттемелер
қабылдау.

**Ескерту. тармаққа өзгерту енгізілді - КР Үкіметінің
1998.10.23. N 1077 қаулысымен.**

6. Астық сатып алу бағдарламасына қатысуға тілек білдірген компаниялар Ведомствоаралық комиссияның атына мынадай құжаттарды ұсынады: <*>

- a) қатысуға арналған өтінім (еркін нысанда);
- б) нотариалды күэландырған жарғылық және құрылтайшылық құжаттар;
- в) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы күелік пен статистикалық есеп
көртішкесі;

г) жергілікті салық инспекциясының барлық деңгейдегі бюджетке мерзімі откен берешектің жоқтығы туралы анықтамасы;
д) < * >

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен, 1998.12.25. N 1337 қаулысымен .

7. Ведомствоаралық комиссия ұсынылған құжаттарды қараған соң Қорға несиелік қаражатты беру үшін компаниялардың мақұлданған тізбесін жолдайды.
< * >

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен .

III. Астықты сатып алудың және оны сақтаудың тәртібі

8. Астық компаниялары астықты ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерінен (оның ішінде жеке тұлғалардан да) сатып алуды жүзеге асырады .

9. Сатып алу бағасы франко-элеватор шарттарында үшінші сыныпты бидайдың 1 тоннасы үшін 80 АҚШ долларын құрайды.

10. Қордың несиелік қаражатының есебінен астық компанияларының сатып алған астығы 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында кепіл ретіндегі ресімделеді.<*>

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен, 1998.12.25. N 1337 қаулысымен.

11. Сақтаудың белгіленген мерзімі өтуі бойынша кепілді несиелік қаражатының есебінен сатып алынған астық, оны астық компаниялары несиенің қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін нарықтық бағалар бойынша ішкі де, сондай-ақ сыртқы да рыноктарда сатады. <*>

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен .

12. Астықты сақтаудың бүкіл кезеңі ішінде оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен ішкі рынке мерзімінен бұрын сатуға жол беріледі.

12-1. Осы Ережемен реттелмеген астық сатып алудың өзге шарттарын Ведомствоаралық комиссия айқындейді. <*>

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1998.12.25. N 1337 қаулысымен .

IV. Несиelerdің қайтарымдылығын қамтамасыз ету

13. Қор белгіленген тәртіппен уәкілетті банктерден кепілдіктер қабылдайды және олардың өздеріне алған міндеттемелерді орындауы бойынша есеп жүргізеді

< * >

14. Уәкілетті банк заемшымен несие келісімін және кепіл шартын жасасады қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына және олардың уақытында қайтарылуына бақылауды қамтамасыз етеді.<*>

Ескерту. 13 және 14-тармақтар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 5 қазандагы
N 998 қаулысына
2-қосымша

**1997/98 жылдың астын сатып алуды үйімдастыру жөніндегі
ведомствоаралық комиссияның
ҚҰРАМЫ <*>**

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 қаулысымен , 1998.12.25. N 1337 қаулысымен , 2003.05.06. N 430 қаулысымен .

Есімов Ахметжан Смағұлұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, комиссия төрағасы;

Иванов Леонид Александрович - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, комиссия төрағасының орынбасары;

Адасбаев Еркін Әбенұлы - Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігі Сауда комитетінің төрағасы;

Төлеубаев Теміржан Төлеубайұлы - Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облыстық Ауыл шаруашылығы және азық-түлік департаментінің директоры;

Үйсімбаев Асқарбек Съезбекұлы - Ақмола облысы әкімдігінің Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы;

Сюникаев Рашид Абдуллович - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Солтүстік Қазақстан облысы Ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу және қайта өңдеу департаментінің бастығы;

Евниев Арман Қайратұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаментінің директоры;

Мұрзалбаев Нағмар Айтмаханұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі Қаржы қылмыстарын анықтау жөніндегі департаменті бастығының міндетін атқарушы;

Сәпиев Еркебұлан Оналбекұлы - "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық

акционерлік қоғамы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша) ;

Солюлев Александр Анатольевич - "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша);

Дүйсебаев Мұхаметжан Жұмабекұлы - "Қазақстанның астық одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы

Үкіметтің

1998 жылғы 5 қазандагы

N 998 қаулысына

3-қосымша

Ескеरту. 3-қосымшамен толықтырылды - ҚРУ-нің 1998.12.25.

Н 1337 қаулысымен .

**"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы несиелерінің есебінен 1997/98 жылдың егінінен астық сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы
Ереже**

Жалпы ережелер

1. Астық сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Үкіметтің осы қаулысымен белгіленген астық сатып алу бағдарламасын іске асыру мақсатында құрылышп отыр.

2. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Комиссияның функциялары мен міндеттері

4. Қажет болған жағдайда облыстар бойынша астық және дәнді дақылдардың тұқымын сатып алу жөніндегі квоталарды белгіленген тәртіппен айқындау.

5. Респубикалық астық инспекциясының ұсынуымен астық сатып алу бағдарламасына қатысатын желілік элеваторларды белгіленген тәртіппен айқындау .

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұсынуымен екінші деңгейдегі уәкілетті банктердің аталған бағдарламаға қатысуы туралы белгіленген тәртіппен шешім қабылау.

7. Сатып алынатын астық пен дәнді дақылдардың тұқымдары сапасының негізгі өлшемдерін айқындау.

7-1. 1997-1998 жылдардағы егіннің астығын сатып алуға берілген кредиттердің қайтарымдылығымен байланысты мәселелер бойынша ұсыныстарды өзірлеу. <*>

ЕскеRTу. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.05.06. N 430 қаулысымен.

8. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы мен астық компанияларының астық сатып алуының көлемі мен шарттарын айқындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.

9. Астық сатып алуды жүзеге асыруды ұйымдастыру жөніндегі шаралардың орындалуын бақылау, атап айтқанда:

- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен, бюджеттік және бюджеттен тыс қорлардан бірінші кезекте астық сатып алуды ұйымдастыру шарттарын астық, компанияларының және "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының орындауы;

- 1998 жылғы 5 қазанды N 998 қаулыға сәйкес берілген ақша қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуын бақылау;

- сатып алынатын астықтың сапалылығын, оның сатып алу шарттарына сай болуын бақылау;

астық сатып алу кезінде бағалардың дұрыс қолданылуын бақылау.

10. Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың, астық сатып алуға қатысатын ұйымдардың қызметін үйлестіру.

Комиссияның құқықтары

11. Алдында қойылған міндеттерді орындау үшін Комиссияның: орталық және жергілікті атқарушы органдардан, мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдардан Комиссияға жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

астық сатып алу бағдарламасын орындау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, өзгерту немесе күшін жою жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізу;

бағдарламаны іске асыру үшін министрліктерден, ведомстволардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан тиісті бейіндегі мамандарды белгіленген тәртіппен тартуға құқығы бар.

Комиссияның қызметін ұйымдастыру

12. Комиссияны төраға басқарады, ол оның жұмысын ұйымдастырады және Комиссияға осы Ережемен жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуы үшін дербес жауап береді.

13. Комиссия төрағасының орынбасары Комиссия төрағасы болмаған кезде төрағаның функцияларын атқарады.

14. Комиссия өз кеңестерін апта сайын өткізеді.

15. Комиссияның шешімдері Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс саны тең болған жағдайда төрағаның даусы шешуші мәнге ие болады.

16. Ведомствоаралық комиссияның барлық шешімдері тиісті хаттамамен ресімделеді, оларды астық сатып алу бағдарламасына қатысуышылар орындауға тиісті.